

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖӘНЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Алғалиева Гулжанат Султанқызы,
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы
«Боровской облыстық санаторлық мектеп-интернаты» КММ-сі
қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі

Аннотация

Өзектілігі: Қазақ елі Ыбырай Алтынсаринді қазақ педагогикасының негізін салушы, прозаик және ақын деп қана білмей, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы деп те таниды. Ыбырай – қазақ балаларын, жалпы қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған адам. Алтынсарин ұлттың бала тәрбиесінде өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынған. Сонымен қатар, ол қазақтың жарқын болашағына асқан үмітпен қарады. Ыбырай болыс мектептеріндегі бірінші бөлімнің оқыту бағдарламасының әрбір ауыл мектептерінде болуын қалады және соған қол жеткізе алды. Нартырақ айта кетсек, ол қазақ қоғамының сауатын ашу тек бастауыш деңгейінен қалып қоймау керектігін алға тартқан.

Мақсаты: Ағартушының шығармалары мен педагогикалық әдістерінің еліміздің білім беру саласындағы рөлі мен маңызы, мұғалімнің міндеттері туралы нұсқаулары және олардың қалай оқу керектігінің методикасын көрсету.

Түйінді сөздер: ізденіс, озық тәжірибе, тәрбиелік идеялар, жаңашыл педагог, шығармашылық ізденіс.

Аннотация

Актуальность: казахская страна признает Ибрая Алтынсарина не только основателем казахской педагогики, прозаиком и поэтом, но и основателем казахской детской литературы. Ибрай – человек, который хотел, чтобы казахские дети, в целом казахское поколение, были грамотными и образованными. Алтынсарин выдвинул идею соответствия воспитания детей нации историческим национальным особенностям быта и быта своего народа. Кроме того, он с надеждой смотрел на светлое будущее казахов. Ибрай хотел и смог добиться того, чтобы программа обучения первого отделения в волостных школах была в каждой сельской школе. Нартырак к слову, он подчеркнул, что грамотность казахского общества не должна отставать только от начального уровня.

Цель: показать роль и значение произведений и педагогических методов просветителя в образовании страны, указания учителя о задачах и методике их чтения.

Ключевые слова: поиск, передовой опыт, воспитательные идеи, педагог-новатор, творческий поиск.

Abstract

Relevance: Kazakh Eli not only recognizes Ibrai Altynsarin as the founder of Kazakh pedagogy, prose writer and poet, but also as the founder of Kazakh children's literature. Ybyrai is a person who wanted Kazakh children, the Kazakh generation as a whole, to be literate and educated. Altynsarin proposed the idea of bringing the nation into line with the historical national identity of the way of life and life of its people in the upbringing of children. At the same time, he was very hopeful about the bright future of the Kazakh people. Ibrai wanted the curriculum of the first part in the parish schools to be present in every rural school and was able to achieve this. It should be noted that the literacy of the Kazakh society should not be left behind only at the initial level.

Purpose: to show the role and significance of the works and pedagogical methods of the educator in the field of education of the country, the teacher's instructions on the tasks and methods of teaching them.

Keywords: search, best practices, educational ideas, innovative teacher, creative search.

Қазақ халқының VI-VIII ғасырлардағы орхон-енисей ежелгі жазба ескерткіштерінен бүгінгі күнге дейінгі тамыры тереңге кеткен бай рухани мұрасы бар. Қазақстан-қыран қанаттарының өлкесі. Шынында да, ол сұр Каспийден Алтай тауларына дейін Орал жотасынан биік Алатауға дейінгі аумақты алып жатыр. Атам Қазақ жер бай болса, халық та бай дейді. Қазақтарда, ұлы дала тұрғындарында, яғни бізде – ғасырлар бойына жалғасқан орасан зор біртұтас аумақ, біртұтас тіл және біртұтас ұлттық мәдениет болған. Қазақ халқы фольклорға бай, онда халық педагогикасы мен көшпенділердің ха-

лық психологиясының нюанстарының барлық реңктері шоғырланған. Осы жерде қазақ даласының ұлы Ұлы Ыбырай Алтынсаринді тілге тиек еткім келіп отыр. Алтынсарин Қазақстан тарихына көрнекті ағартушы, педагог, ақын, қоғам қайраткері ретінде енді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның болашағын «Мәңгілік Ел» идеясымен байланыстырғанда, алдыңғы орындардың біріне ұлттың тарихи санасын қояды. Ұлттың тарихи жады неғұрлым терең, тарихи санасының тамыры неғұрлым берік болған сайын әрбір адамның да, қоғамның да рухани әлемі кең әрі таза болады. Бүгінгіні танып, болашақты барлау үшін өткенді білу қажет. Әсіресе, халқының қамын жеп, ұлтының ертеңіне қалтқысыз қызмет еткен, ел тарихында аты мәңгі өшпейтін дара тұлғалардың тағылымға толы өмір жолынан үлгі-өнеге ала білу маңызды. Сондай ғұламалардың бірі әрі бірегейі қысқа да жарқын ғұмырын ағартушылық іске арнаған, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл.

Өз халқына шексіз қызмететкені үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ыбырай Алтынсаринді Қазақстанның халық ағарту саласының тұңғыш ағартушысы деп атаған.

Өзінің ағартушылық-педагогикалық қызметінде Ы.Алтынсарин тұлғаны адамгершілік негіздерімен тәрбиелеуге көп көңіл бөледі.

Ең алдымен, тәрбиенің дәстүрмен тығыз байланысты екенін тұңғыш қарастырған К.Д.Ушинский болды. Ол өз еңбектерінде тәрбиенің халықтық сипатына, еңбектің тәрбиелік және психикалық сипатына және тәрбиедегі адамгершілік мәселелеріне көңіл бөле отырып «Тәрбие көзі халықтық педагогика» деген тұжырымға келген. Осы идеяны қазақ жерінде жалғастырушы ағартушы Ы.Алтынсарин адамгершіліктің мынадай 7 қасиетін атап көрсетеді:

1. Имандылық.
2. Жоғарғы әділдік.
3. Адалдық, ақкөңілділік.
4. Сыпайылық, момындық.
5. Адал ниетпен өсиет беру.
6. Жомарттық, қайырымдылық.
7. Дұрыс заңдылық [2,266].

Яғни, жас ұрпақтың – ақыл-ойын, сезімін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген адам болып өсуіне барлық ынтасымен кірісе отырып, өзінің туындыларын сол бағытқа арнайды.

Қазақ баласына қара танытқан, ұлттық құндылықтар арқылы тәлімді тәрбие берген ұлы ұстаз. Кеңес үкіметі тұсында Ы.Алтынсарин туралы кейбір тәрбиеге байланысты мақалаларда ол атеист, мұсылмандар дініне қарсы деген пікірлер айтылып қалып жүрді. Бұл не қара немесе ақ деп түсіндіретін коммунистік идеологияның кесір-кесапатынан деп білеміз. Ақиқатына келсек, медреселерде ислам дінін насихаттап сабақ беретін молдалардың заман талабына сәйкес зайырлы білім беруге қабілетсіздіктеріне көзі жеткен Ы.Алтынсарин қазақ-орыс мектептерін ашу арқылы қазақ жастарына білім беріп, кәсіпке үйретуді алдына мақсат етіп қойды. Сондықтан ол мұсылман дініне қарсы болды, христиан дінін таратуға күш салды деп қорытынды жасау шындыққа жанаспайтын, жаңсақ пікір. Керісінше, ол жүрегінде иманы бар, өзін мұсылман санап өткен ұстаз екенінде дау жоқ. «Жаз» деген өлеңінде «Құдайға шүкір етер жас пен кәрі, Бердің деп жаңға рахат мұндай дәрі» десе, тағы бір өлеңінде «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым, Тең етті бәрімізге күн мен айын», – дейді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. 1884 жылы дін сабағын беретін мұғалімдерге арналған «Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-ул-ислам» оқулығын жазып, Қазан қаласында араб әрпімен бастырып шығаруы да сөзіміздің бір дәлелі. Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінде дін сабағы оқылатын кезде қазақ балаларына жеке діни тәрбие берілуі қажеттігі жөнінде талап қойды. В.В.Катаринскийге жазған бір хатында: «Сізге өте бір қайғылы

хабар білдіруіме тура келіп отыр. Біздің Бессонов Александр Григорьевич, сірә, есінен айрылған болар деймін. Өйтпесе, оның өз оқушыларына істеген сорақылықтарын басқаша түсіне алатын емеспін. ...Бақсам, ол оқытушылар мектебінің 3-және 4-кластарында, оқытушылардың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты. Осының нәтижесінде, бір жағынан, ол оқушыларға өшігіп, қатал қарай бастайды да, екінші жағынан, оқушылар оқудан бас тарта бастапты...», дейді. Сондықтан да Ы.Алтынсариннің еңбегіне баға бергенде, солардың ішіндегі еліміз үшін ең маңыздысы – оның халыққа білім беру жолындағы зайырлы мектептер ашу, ауыл балаларын оқыту, оларды кәсіпке үйрету, қазақ қыздарын сауаттылыққа баулу болғанын естен шығармауымыз қажет.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық еңбектері халық білімі мен мектеп ісінің даму тарихымен байланысты мәселелерді әзірлеуге және қазақ халқының мәдениетін дамытуға, халық педагогикасы саласына арналды [1]. Ы. Алтынсарин педагогика мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі Ыбырай.

Ы.Алтынсарин мұғалім мамандығы ең керемет, бірақ сонымен бірге ең қиын мамандықтардың бірі деп есептеді. Ағартушы жастарды оқу-білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады. Ыбырай бұрынғы Халифаттық дәуірдегі оқыту әдісінен айрылып қалған, ғылым үйретпейтін, балаларды ойлануға мұрша бермейтін моллалардың ұрып миға кіргізу мен жаттау жолынан қашып, орыс ғылымы арқылы нағыз ғылымды үйрету жолын ұстанды. Ыбырайдың осы көзқарасын өзінің оқулықтарынан да анық байқауға болады. Оның ағартушылық-педагогикалық көзқарастары Ушинский, Корф, Толстой, Водовозов, Бунаков сияқты орыс педагогтарынан нәр алып жатты.

Ы.Алтынсарин ұйымдастырған оқу орындары сапасы жағынан сол кезеңдегі озық орыс оқу орындарымен иық теңестіре алды.

Сауатты халық, білімді ел болу үшін Ы.Алтынсарин бірінші кезекке мұғалімді қойды. Ол жөнінде өзі былай дейді: «Халық мектебі үшін басты тұлға – мұғалім, ең тамаша деген педагогикалық басшылық, ең жомарт деген мемлекеттік жарлық та, тыңғылықты педагогикалық бақылау да онымен теңесе алмайды» [4, 170 б.], – деп, мұғалімге баса назар аударады.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин оқушыға өзге тілді үйрету туралы өз тәжірибесінен біраз ғылыми ойлар айтады. Ол орыс тілі пәнінің мұғалімі қазақша білуі керек, ал, өз кезегінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі орыс тілін білуі шарт деп есептейді. Яғни, оқушыларға тіл үйретерде өзі де сол аудиторияның тілін біліп, сол тілде сөйлей білуі маңызды. Себебі, сол халықтың тілін білмесең, мұғалімге тіл үйрету қиынға соғары анық.

Әдістемеші-ғалым Ы.Алтынсарин оқу ісіндегі тұтастық пен бір жүйелілікке де мән берді. Бір мұғалімге жазған хатында: «Әрбір мектепте орыс тілін, жаратылыстану, жағрапия мен тарихты оқыту бір жүйеге, бір басшылыққа бағынуы керек... оқыту ісінде жүйе болмаса мұғалім бірден-бір пәнді дұрыс тұтас оқыта алмайды. Мұндай мұғалімдер шәкірттерін дұрыс жолдан адастырады», – деп өзінің әдістемесімен бөліскен.

Ыбырай Алтынсарыұлы 1876 ж. Н.И. Ильминскийге жазған хатында «Қазақ хрестоматиясына» байланысты: «Татар тілінде жазылған оқулықтардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған кітабымды кеше ғана бастадым. Мен оқулыққа мысалдарды енгізгім келмейді, себебі қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер болғанын күп көрдім. Мысалдарды (басня) қазақ балалары оқығысы келмейді, оқыса да ата-аналары: сауысқан мен қарға сөйлесе ма екен?» деп күлетінін өз тәжірибемнен білемін» [2, 172 б.], – деп жазады. Ы.Алтынсарин өз оқулықтарындағы мәтін-

дерді неғұрлым қазақ оқушысының ұғым-түсінігіне сай ете отырып, оқушының ұлттық психологиялық ерекшелігін басты назарда ұстады.

Ағартушы Ы.Алтынсарин екі оқулық құрастырады. Олар: «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» («Начальное руководство к обучению казахов русскому языку») (1879), «Қазақ хрестоматиясы» (1879). Аталмыш кітаптар орыс алфавитімен жазылған алғашқы оқулықтар болды. Ы.Алтынсарин «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» атты оқулығы, орыс тілі грамматикасының қысқаша очеркі сипатында мынадай бөлімдерден құралады:

1. Зат есім;
2. Сын есім;
3. Сан есім;
4. Есімдік;
5. Үстеу мен шылау;
6. Предлог (шылау);
7. Етістік;
8. Қазақ тілінен орыс тіліне аударылатын мәтіндердің үлгілері. [3]

Ы.Алтынсариннің бұл оқулығы Орынборда орыс-қазақ мектептерінде орыс тілінен бес жыл сабақ беруінің нәтижесінде жазылған. Бұл оқулық грамматиканың толық курсы емес, орыс тілімен алғашқы таныстыққа жолбасшы ғана болды. Оқулық авторының жазуынша: «грамматиканы оқушылар орыс кітаптарын еркін түсініп, оқитын кезде тереңдей үйренуі керек». Алтынсариннің бұл пікірімен толықтай келісуге болады. Осы орайда, бүгінгі Қазақстандағы білім саласы Ыбырайдың бұл методикасына мүлдем қарама-қарсы бағытта жұмыс жасап отырғанын байқамау мүмкін емес. Оқу министрлігінің бекітуімен, бірінші сыныптан бастап оқытылатын орыс тілі пәні сол алғашқы жылында-ақ грамматика үйретуден басталады. Оқушының «Зат есім», «Сын есім», «Етістікті» жатқа айтып бергеннен не пайда, ол тілді жақсы меңгеріп, өз ойын еркін жеткізе алмаса?! Өкінішке орай, бүгінгі таңда, он жыл бойы мектепте орыс тілі пәні жүргізілсе де, оқушылар өзінің өмірбаянын ауызша да, жазбаша да сауатты түрде жеткізе алмайды. Қазіргі Қазақстан мектептеріндегі шет тілін оқытудың жағдайы бұдан да төмен. Мысалы: жалпы білім беретін мектептердегі 5-11- сынып аралығында 6 жыл ағылшын тілін оқыған оқушы тірі ағылшынмен сөйлесіп, түсінісу былай тұрсын, ол сөйлеп тұрған ағылшынның не туралы айтып тұрғанын мүлдем түсінбейді. Мұның барлығының себебі: Ыбырайша айтсақ, ол – тіл үйретудегі жүйенің дұрыс құрылмағандығынан. Ал, Ыбырай шәкірттеріне әуелі орыс тілінде кітаптар оқытып, сөйлетіп, баланың тілін сындырғаннан соң ғана, грамматиканы үйретуді дұрыс деп санаған. Бұл әдісті еліміздің бүгінгі оқу саласына қолдансақ, сәтті нәтиже күтілетіні Ыбырай тәжірибесінен көрініп-ақ тұр.

Ыбырай «Бір аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық!» – деген өлеңінде адамзатты білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін кер-тартпа көзқарасқа соққы береді [5]. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей – жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Ы. Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан. Өнерді үйрен, үйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Ыбырай қазақ балалары үшін ең алғашқы мектепті ашқан ағартушы. Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектерінің бүгінгі жастарға берер ғибраты мол асыл мұра.

Ыбырай Алтынсарин – өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы тарихымыздың алтын қорына еніп, кейінгі ұрпаққа сарқылмас бай мұра қалдырды. Ол қазақ халқының жадында игі істерімен ұлы тұлға болып қалды. Мен оның шығармалары, аудармалары әр оқырманға қолжетімді болғанын, сирек мұрағаттық материалдарының жарияланғанын қалаймын, ал жас ұрпақ талантты ақын мен аудармашының жұмысын ризашылықпен зерттей отырып, оның шығармаларынан үлгі алса екен деймін. Алтынсариннің қазақ халқына білім беру тарихындағы маңызы өте зор. Біз Алтынсаринге оның алғашқы халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерінің алғашқы ұйымдастырушысы және қазақ халқының ортасынан шыққан алғашқы теоретик-педагог ретіндегі қызметі үшін құрмет көрсетеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. / Құраст.: Жармұхамедов М. – Алматы, 1991 ж.
2. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. – Алматы, 1989 ж.
3. Қалиев С., АюбаевҚ., Қалықова С., СмаиловаМ. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы «Рауан»,1991.
4. Сыдықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызмет. – Алматы, 1995.
5. Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман. Баяндамалар жинағы. – Қостанай, 2011.

ВОСТРЕБОВАННОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИДЕЙ И.АЛТЫНСАРИНА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСТАНСКОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

*Алексеевко Елена Леонидовна,
учитель начальных классов,
Держач Елена Николаевна,
педагог дополнительного образования,
Павлюк Татьяна Викторовна,
педагог-психолог,*

КГУ «Свердловская общеобразовательная школа
отдела образования Алтынсаринского района»
Управления образования акимата Костанайской области

Аннотация

Өзектілігі: Адамның практикалық өміріндегі ғылымның, білімнің рөлі. Ыбырай Алтынсарин балалар мен жастардың тәрбиесі адамның табиғи мүмкіндіктері идеясына негізделген, әр адамның бойындағы барлық жақсы бейімділіктерді анықтауға және дамытуға тырысып, ақылға қонымды және еркін болуы керек деп есептеді, бұл біздің заманымыздың қажеттіліктерімен үндес. және қазіргі заманғы білім беру жүйесі сұранысқа ие.

Мақсаты: қазақстандық қоғамның рухани – адамгершілік дамуын кезен – кезеңімен зерттеу.

Түйінді сөздер: уақыт, тұлға, адамдар, мұра, тәрбие, дәстүрлер.

Аннотация

Актуальность: Роль науки, знаний в практической жизни человека. Ыбырай Алтынсарин считал, что воспитание детей и молодежи должно быть разумным и свободным, основываться на идее равенства природных способностей человека, на стремлении выявить и развить в каждом человеке все лучшие задатки, что созвучно с потребностями нашего времени и востребованы современной системой образования.

Цель: Изучить поэтапно духовно-нравственное развитие казахстанского общества.

Ключевые слова: время, личность, народ, наследие, воспитание, традиции.

Abstract

Relevance: The role of science, knowledge in the practical life of a person. The upbringing of children and youth Ibyrai Altynsarin believed that it should be reasonable and free, based on the idea of natural